

Шектеу іс-шараларды тоқтату туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы Покров ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 23 қаңтарды "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 8) тармақшасына сәйкес және Денисов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2016 жылғы 16 мамырдағы № 01-27/190 ұсынысы негізінде Покров ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Покров ауылдық округінің Досовка ауылында орналасқан ірі қара малдың бруцеллез ауруынан таза емес "Тобольское-1" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мал шаруашылығының кешені аумағынан шектеу іс-шаралары 2016 жылғы 17 мамырдан бастап тоқтатылсын.

2. Покров ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 21 қыркүйектегі № 1 "Шектеу іс-шараларды белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5933 болып тіркелген, "Наше время" газетінде 2015 жылғы 22 қазанда жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

К. Игламова